



Бала қауіпсіздігін (интернетте) қалай қамтамасыз етуге болады?

citizensec
by mssp.global

cybersecurity (of the nation)
through education

Мектепке дейінгі балалар (0–6 жас)

Білу маңызды:

Бала қауіп-қатерді әлі ажырата алмайды және кішкентай баланың миы зиянды контентке өте сезімтал.

Не істеу керек:

- (→) Толық бақылау және бірге қарау: баламен бірге отыру қажет.
- (→) Экран алдында өткізілетін уақытты тәулігіне ең көп дегенде 30 минутпен шектеңіз.
- (→) Құрылғылар үнемі көз алдында болсын – сонда сіз бала не қарап жатқанын көре аласыз.
- (→) Тек жасына сәйкес арнайы жасалған оқыту ойындары мен қосымшаларды қолданыңыз.
- (→) Белгісіз сілтемелерге басуға және чаттарға қатысуға тыйым салыңыз.

Бастауыш мектеп (6–11 жас)

Білу маңызды:

- (1) Балалар интернетті оқу және қарым-қатынас үшін қолдана бастайды.
- (2) Ойындарға, видеоларға, әлеуметтік желілерге қызығушылық артады.
- (3) Қауіпті немесе орынсыз контентке тап болу қаупі артады.

Не істеу керек:

- (→) Бірге отырып рұқсат етілген сайттар мен қолданбалардың тізімін құрыңыз.
- (→) Қарапайым тілмен түсіндіріңіз: жеке ақпаратты (мекенжай, мектеп, телефон) жариялауға болмайды.
- (→) Үнемі сөйлесіп тұрыңыз: интернеттегі қызықтар мен жаңалықтарды сұраңыз.
- (→) Барлық құрылғыға ата-аналық бақылау орнатыңыз.
- (→) Бейтаныс адамдардан келген сілтемелерге өтпеуді, рұқсатсыз ештеңе жүктемеуді үйретіңіз.
- (→) Басқаларға құрметпен қарауды үйретіңіз — ешкімді ренжітпеу және мазақ етпеу керектігін түсіндіріңіз.

Орта және жоғары сынып оқушылары (12–18 жас)

Ерекшеліктер:

- (1) Бала әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді және онлайн ойындарды белсенді пайдаланады.
- (2) Желідегі жеке таныстықтар мен жеке өмірге қызығушылық артады.
- (3) Кибербуллинг, алаяқтық және зиянды контенттің әсер ету қаупі бар.

Не істеу керек:

- (→) Отбасылық ережелерді енгізіңіз: құрылғыларды қайда және қанша уақыт қолдануға болатынын нақты анықтаңыз.
- (→) Құрылғыларды жатын бөлмеде қараусыз қалдырмаңыз.
- (→) Жеке мәліметтер мен фотоларды келісіміз жариялаудың қауіпті екенін түсіндіріңіз.
- (→) Желіде қарым-қатынас әдебін үйретіңіз.
- (→) Интернеттегі қаржылық әрекеттерді (сатып алулар, жазылымдар) бақылауда ұстаңыз.
- (→) Филтрлер мен ата-аналық бақылау бағдарламаларын қолданыңыз, бірақ толық бақылау емес – сенім маңызды екенін ұмытпаңыз.
- (→) Тыйым салынған контентті (есірткі, экстремизм) тарату жауапкершілігі туралы хабарлаңыз – бұл қылмыс!



Қазақстандағы интернет және заң

Интернетте тыйым салынған контентті тарату – ауыр қылмыс, оның салдары бүкіл отбасыға әсер етуі мүмкін. Қазақстанда есірткі, терроризм және экстремизмді насихаттауға қатаң тыйым салынған және оған қарсы қатаң заң бар.

citizensec
by mssp.global

cybersecurity (of the nation)
through education

Ең бастысы – үйде сенім атмосферасын құрыңыз, бала кез-келген қиындықпен сізге еркін жүгіне алатынын білуі керек.

Оған интернетті ақылмен қолдануды үйретіңіз, үлгі көрсетіп, әрдайым қасында болыңыз.

Не істеу керек:

- (1) Тыйым салынған контентті (есірткі, экстремизм) тарату жауапкершілігі туралы хабарлаңыз – бұл қылмыс!
- (2) Жасөспірімдер тыйым салынған контентті таратып жатқанын аңғармауы мүмкін



Ата-аналарға арналған кеңестер

citizensec
by mssp.global

cybersecurity (of the nation)
through education

Егер баланың күмәнді мінез-құлқын байқасаңыз – назарсыз қалдырмаңыз, мамандарға жүгініңіз.

- | | | |
|---|---|--|
| (→) Балалармен бірге киберқауіпсіздік туралы оқыту видеолары мен мультфильмдерді қараңыз. | (→) Барлық отбасы үшін құрылғылар мен интернетті қолданудың анық және әділ ережелерін орнатыңыз. | (→) Баланы екі факторлы аутентификацияны қосуға, антивирусты пайдалануға және құпиялық баптауларын реттеуге үйретіңіз. |
| (→) Бақылаңыз, бірақ жеке кеңістікті бұзбаңыз – сенімділікті сақтау маңызды. | (→) Жасөспірімдермен заңды сақтаудың маңыздылығы және интернеттегі жауапкершілік туралы сөйлесіңіз. | (→) Өз мінез-құлқыңызға назар аударыңыз: балалар ата-анаға қарап үйренеді, сондықтан смартфон мен компьютер алдындағы уақытты азайтыңыз. |